

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР /
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ / SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

DOI 10.54596/2309-6977-2021-4-71-76

ӘОЖ 33.296.4

ҒТАМА 06.81.12

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ БАНКІ - «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
ҚЫЗМЕТІНЕ ТАЛДАУ**

Бактыбаева Д.С.^{1*}, Карипова А.М.², Сагандықова Д.Х.³

**КЕАҚ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті», Петропавл,
Қазақстан Республикасы*

**E-mail: dana0780@mail.ru*

Аңдатпа

Банктер-қазіргі заманғы ақша шаруашылығының ажырамас бөлігі, олардың қызметі ұдайы өндіру қажеттілігімен байланысты. Банктер, елдің экономикасы қызмет ететін нарықтық тетіктің негізін құрады. Коммерциялық банктер барлық ақша ағындарының, бірінші кезекте несие ағындарының қозғалысын реттеуге, қоғамның қаржы ресурстарын неғұрлым ұтымды пайдалануды және салымдардан қайтарым барынша жоғары болатын елдің шаруашылық салаларына капиталдың құйылуын қамтамасыз етуге ықпал етуге бағытталған. Банктің нақты жағдайын анықтау банктің өзі үшін ғана емес, көптеген акционерлер мен салымшылар үшін де маңызды. Олар, оларға дамуы нақты пайда әкелетін нақты банктің қаржылық әлауқатына сенімді болуы тиіс.

Қазіргі экономикалық талдау банктің жұмысын объективті бағалау және басқару шешімдерін қабылдау негізінде жатыр. Осыған байланысты банк қызметі саласында терең зерттеулер, сондай-ақ отандық және шетелдік тәжірибені түсіну қажеттілігі туындайды.

Бұл мақалада «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қаржылық жағдайына талдау келтіріледі: Банктің негізгі қаржылық көрсеткіштеріне баға берілді, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ капиталының өзгеруіне талдау және бағалау жүргізілді. Сонымен қатар, клиенттер қаражаттарының өзгеруіне талдау және банк міндеттемелерінің өзгеруіне талдау жасалды. Сондай-ақ, мақалада банктің кредиттік портфелін талдау және оның ЕДБ-ның жалпы кредиттік портфеліндегі үлесі қаралды, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ кірістері мен шығыстары қаралды және талданды.

Кілт сөздер: Банк, жарғылық капитал, таза пайда, клиенттер, "Қазақстан Халық банкі" АҚ, клиенттердің қаражаты, міндеттемелер, кредиттік портфель.

**АНАЛИЗ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КРУПНЕЙШЕГО БАНКА КАЗАХСТАНА –
АО «НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА»**

Бактыбаева Д.С.^{1*}, Карипова А.М.², Сагандықова Д.Х.³

**НАО «Северо-Казакстанский университет имени М. Козыбаева», Петропавловск,
Республика Казахстан*

**E-mail: dana0780@mail.ru*

Аннотация

Банки – неотъемлемая составляющая современного денежного хозяйства, их деятельность связана с потребностями воспроизводства. Банки создают основу рыночного механизма, с помощью которого функционирует экономика страны. Коммерческие банки призваны регулировать движение всех денежных потоков, в первую очередь кредитных, способствовать обеспечению наиболее рационального использования финансовых ресурсов общества и перелива капитала в те отрасли хозяйства страны, где отдача от вложений будет максимальной. Определение реального состояния банка имеет огромное значение не только для самого банка, но и для многочисленных акционеров и вкладчиков.

Они должны быть уверены в финансовом благополучии конкретного банка, развитие которого приносит им реальную выгоду.

Современный экономический анализ лежит в основе объективной оценки работы банка и принятия управленческих решений. В связи с этим возникает необходимость глубоких исследований в области банковской деятельности, а также осмысления отечественного и зарубежного опыта. В данной статье приводится анализ финансового состояния АО «Народный Банк Казахстана»: дана оценка основным финансовым показателям Банка, проведен анализ и оценка изменения капитала АО «Народный Банк Казахстана». Кроме того, проведен анализ изменений средств клиентов и анализ изменений обязательств Банка. Также в статье рассмотрен анализ кредитного портфеля банка и его доля в общем кредитном портфеле БВУ, рассмотрены и пранализированы доходы и расходы АО «Народный Банк Казахстана».

Ключевые слова: банк, уставный капитал, чистая прибыль, клиенты, АО «Народный банк Казахстана», средства клиентов, обязательства, кредитный портфель.

ANALYSIS OF THE LARGEST BANK OF KAZAKHSTAN – JSC «HALYK BANK OF KAZAKHSTAN»

Baktybaeva D.S.^{1*}, Karipova A.M.², Sagandykova D.Kh.³

**Non-profit limited company “M. Kozubayev North Kazakhstan University”, Petropavlovsk,
Republic of Kazakhstan*

**E-mail: dana0780@mail.ru*

Abstract

Banks are an integral part of the modern monetary economy, their activities are related to the needs of reproduction. Banks form the basis of the market mechanism by which the country's economy operates. Commercial banks are designed to regulate the flow of all cash flows, primarily credit, to help ensure the most rational use of society's financial resources and the flow of capital to those sectors of the country's economy where the return on investment will be maximum. Determining the real state of the Bank is of great importance not only for the Bank itself, but also for numerous shareholders and depositors. They should be confident in the financial well-being of a particular Bank, the development of which brings them real benefits.

Modern economic analysis is the basis for an objective assessment of the Bank's performance and management decision - making. In this regard, there is a need for in-depth research in the field of banking, as well as understanding of domestic and foreign experience.

This article provides an analysis of the financial condition of Halyk Bank of Kazakhstan JSC: an assessment of the main financial indicators of the Bank, an analysis and assessment of changes in the capital of Halyk Bank of Kazakhstan JSC. In addition, the analysis of changes in customer funds and the analysis of changes in the Bank's obligations was carried out. The article also considers the analysis of the Bank's loan portfolio and its share in the total loan portfolio of STB, considers and pranalizes the income and expenses of Halyk Bank of Kazakhstan JSC.

Keywords: bank, authorized capital, net profit, customers, Halyk Bank of Kazakhstan JSC, customer funds, liabilities, loan portfolio.

Кіріспе

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ — 90 жылдан аса қызмет көрсетіп келе жатқан Қазақстан Республикасының ірі әмбебап коммерциялық банктердің бірі.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ негізі қайта құрылған Қазақстан Республикасы Жинақ банкінің базасында қаланған, ал алғашқы жинақ кассасы 1923 жылы, Ақтөбе қаласында ашылған. 1936 жылы, Алматы қаласында КСРО Жинақ банкінің филиалы ашылды.

Ақтөбедегі жинақ кассасы ашылғаннан кейін 4 жылдың ішінде республикадағы кассалар саны 335 болды.

1960 жылдың аяғына қарай жинақ кассаларындағы салымшылар саны 1770 мың адам болды, ал салым ақшаның көлемі 322,7 млн сомды құраса, салымның бір адамға

шаққандағы орташа мөлшері 182 сом болды. Жинақ кассаларының саны 1950 – 1960 жылдар аралығында 1,8 есеге өсіп, 1960 жылдың аяғында 2805 – ке жетті. 1998 жылдың шілде айында банк жабық акционерлік қоғамнан «Қазақстанның Халық Жинақ Банкі» ААҚ болып қайта құрылды.

Зерттеу әдістері

Кестеде Банктің соңғы үш жыл ішіндегі қаржылық көрсеткіштері көрсетілген.

Кесте 1. «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ң қаржылық көрсеткіштері (млн. тенге)

Көрсеткіштер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж./2017 ж.		2019 ж./2018 ж.	
				+/-	%	+/-	%
Жарғылық капитал	143695	209027	209027	65332	45,47	0	0,00
Меншікті капитал	934457	1065646	1307223	131189	14,04	241577	22,67
Жиынтық активтер	8857781	8959024	9234758	101243	1,14	275734	3,08
Жиынтық міндеттемелер	7923324	7893378	7927535	-29946	-0,38	34157	0,43
Таза пайда	173463	253431	334511	79968	46,10	81080	31,99

Жоғары кестедегі мәліметтер бойынша жарғылық капитал мөлшері соңғы екі жыл тұрақты. Ал меншікті капитал жылдан жылға асқан, 2018 жылы - 45,47 пайызға, яғни 65332 млн. теңгеге. 2019 жылы - 22,67 пайызға, яғни 241577 млн. теңгеге өсті. Жиынтық активтер де жылдан жылға өскен, 2018 жылы - 1,14 пайызға, ал 2019 жылы - 3,08 пайызға өсті. Сонымен қатар міндеттемелер, 2018 жылы - 29946 млн. теңгеге азайды, ал 2019 жылы - 34157 млн. теңгеге артқан. Таза пайда 2018 жылы - 46,10 пайызға өсті, 2019 жылы өткен жылдан - 31,99 пайызға өскен, яғни - 81080 млн. теңгеге таза пайда артқан.


Өз қызмет барысында кез келген ұйым түрлі тәуекелдерге ұшырайды және солардың біріншісі, ол салынған қаражаттардан айырлу тәуекелі. Банк өз қаражаттарын да тартылған қаражаттарды да жоғалтып алуға тәуекелді. Бірақ, жағымсыз жағдайлар туған кезде пайда болған шығын ең алдымен банктің меншікті капиталы есебінен жабылады, тек меншікті қаражат жеткіліксіз болғанда ғана - кредиторлар да шығынға ұшырына бастайды. Осыдан, капитал, кредиторлардың қаражаттарын жоғалту тәуекелін минимизациялау үшін қорғаныс механизмі ролін атқарады.

Кесте 2-де Банктің капиталының соңғы үш жылдағы өзгерісі көрсетілген.

Кесте 2. Банк капиталының өсу қарқыны (млн. тенге)

Капитал	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	Өсу қарқыны (%)	
				2018 ж./2017 ж.	2019 ж./2018 ж.
Жарғылық капитал	143695	209027	209027	45,47	0,00
Эмиссионды табыс	1839	1839	3967	0,00	115,72
Сатып алынған меншікті акциялар	(102234)	(111441)	(114634)	9,01	2,87
Бөлінбеген пайда және басқа резервтер	820716	966215	1208957	17,73	25,12
Барлық капитал	934457	1065646	1307223	14,04	22,67

Кесте мәліметі бойынша Банк капиталы жылдан жылға артқан, 2018 жылы Банк капиталы 14,04% өссе, 2019 жылы Банк капиталы 22,67% артты. Банк капиталының өсуі негізінен бөлінбеген пайда және басқа резервтер есебінен өсті, олар 2018 жылы 17,73% артты, ал 2019 жылы 25,12 артты. Эмиссионды табыс 2018 жылы өзгеріссіз қалса, 2019 жылы 115,72% өсті. Төменгі суретте Банктің негізгі міндеттемелерінің бірі- клиенттердің қаражаттары берілген.



※ Клиенттердің қаражаттары (млн. теңге) - Барлық міндеттемелер (млн. теңге)

Сурет 1. Банк клиенттерінің қаражаттары мен Банктің барлық міндеттемелері

Суреттегі мәліметтері бойынша клиенттердің қаражаттары 2017 жылы 6131750 млн. теңге болса, 2018 жылы олар 6,44 пайызға өсті да 6526930 млн. теңгені құрады, ал 2019 жылы клиенттердің қаражаттары 6406413 млн. теңгеге дейін азайды.

Зерттеу нәтижелері

Нарықтық экономикаға көшумен байланысты несие портфелін қалыптастыру, басқару механизмін дамыту және жетілдіру мәселесі, оның тәуекелдерін минимизациялау мақсатында өзекті және маңызды.

Қазіргі таңда несие портфелі белгілі бір критерий болып табылады, ол арқылы банктің несие саясатының сапасын айтуға болады және есепті кезеңде несиелік қызметтің нәтижелерін болжауға болады.

Төменгі кестеде Банктің және ЕДБ несие портфельдеріндегі өзгеріс берілген.

Кесте 3. Банктің несие портфелінің және ЕДБ несие портфельдеріндегі өзгеріс (млн. теңге)

Банктің атауы	Несие портфелі			2018 ж./2017 ж.		2019 ж./2018 ж.	
	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	+/-	%	+/-	%
«Халық Банкі» АҚ	2650060	3954754	4245807	1304694	49,23	291053	7,36
ЕДБ	13590511	13762741	14741979	172229	1,27	979238	7,12

Кестенің мәліметі бойынша Банктің несие портфелі артқан: 2018 жылы несие портфелі 49,23% өсті, ал 2019 жылы несие портфелі 7,36% өсті. Несие портфелінің артуы - банк клиенттерінің көбеуінің бір көрсеткіші. ЕДБ несие портфельдері де артты: 2018 жылы несие портфельдері 1,27% артса, 2019 жылы 7,12% артты. Банк жұмысының нәтижелігі ол олған пайдасы. Төменгі кестеде Банктің табыс пен шығысына талдау берілген.

Кесте 4. Банк табыс пен шығыстары (млн. теңге)

Көрсеткіштер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж./2017 ж.		2019 ж./2018 ж.	
				+/-	%	+/-	%
Пайыздық табыс	497597	675699	701350	178102	35,79	25651	3,80
Басқа пайыздық табыс	8731	6342	8954	-2389	-27,36	2612	41,19
Пайыздық шығыс	(257805)	(333772)	(312326)	-75967	29,47	21446	-6,43
Құнсыздануға резерв қалыптастыруға дейінгі таза пайыздық табыс	248523	348269	397978	99746	40,14	49709	14,27
Кредиттік шығындар	(67302)	(31995)	(30054)	35307	-52,46	1941	-6,07
Таза пайыздық табыс	181211	316274	367924	135063	74,53	51650	16,33
Қызметтер мен комиссиялардан түскен табыс	87640	113241	123256	25601	29,21	10015	8,84

Кесте 5. Банк табыс пен шығыстары (млн. теңге)

Көрсеткіштер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж./2017 ж.		2019 ж./2018 ж.	
				+/-	%	+/-	%
Қызметтер мен комиссиялардан шығын	(26732)	(39006)	(54646)	-12274	45,92	-15640	40,10
Қызметтер мен комиссиялардан таза табыс	60908	74235	68610	13327	21,88	-5625	-7,58
Табыс немесе шығыс арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтер мен міндеттемелерден таза пайда	31423	114158	(18734)	82735	263,29	-132892	116,41
Сатуға арналған инвестициялық құнды қағаздардан түскен таза өткізу (шығыны) пайдасы	1064	2428	8138	1364	128,20	5710	235,17
Шетел валютасымен операцияларынан түскен таза өткізу (шығыны) пайдасы	(4949)	(64577)	45379	-59628	1204,85	109956	170,27
Сактандыру қызметтен табыс	55108	67315	92983	12207	22,15	25668	38,13
Ассоциацияланған ұйымдағы пайдағы үлесі	-	2899	5742	-	-	2843	98,07
Басқа табыстар	23618	21765	36043	-1853	-7,85	14278	65,60
Басқа пайыздық емес табыстар	106264	143988	169551	37724	35,50	25563	17,75
Операционды шығыстар	(105797)	(137223)	(142226)	-31426	29,70	-5003	3,65
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған шығын	(6533)	(27308)	(7429)	-20775	318,00	19879	-72,80

Кесте 6. Банк табыс пен шығыстары (млн. теңге)

Көрсеткіштер	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2018 ж./2017 ж.		2019 ж./2018 ж.	
				+/-	%	+/-	%
Несие шығандары бойынша басқа шығындарды (құру)/қалпына келтіру	1737	15951	(1308)	14214	818,31	-17259	-108,20
Сақтандыру шығындары	(48615)	(59986)	(84637)	-11371	23,39	-24651	41,09
Пайыздық емес шығындар	(159208)	(208566)	(235600)	-49358	31,00	-27034	12,96
Салық салуға дейінгі пайда	189185	325931	370485	136746	72,28	44554	13,67
Табыс салығы бойынша шығындар	(25589)	(82474)	(35974)	-56885	222,30	46500	-56,38
Жалғасы бар қызметтен жыл бойынша табыс	163587	243457	334511	79870	48,82	91054	37,40
Тоқтатылған қызметтен табыс	9876	9974	-	98	0,99	-	-
Таза пайда	173463	253431	334511	79968	46,10	81080	31,99

Кесте мәліметі бойынша Банктің таза табысы жылдан жылға өскен, 2018 жылы 79968, ал 2019 жылы 81080 млн. теңгеге өсті. Таза табыстың жылдан жылға өсуі Банктің өте нәтежелі жұмыс істеуінің көрсеткіші.

Қорытынды

Қорыта келгенде, банктің қаржылық жағдайы банк үшін ғана маңызды емес, ол банк акционерлері, клиенттері, салымшылары үшін де өте маңызды. Қарастырылған Банк Қазақстандағы ірі банктердің бірі, Банктің таза пайдасы жылдан жылға өскен, басқа да қаржылық көрсеткіштерін талдай келе Банктің жағдайы жақсы деп қорытындылаймыз.

Әдебиет:

1. Анализ деятельности коммерческого банка. – Владивосток: Издательство ВГУЭС, 2004 г.
2. Батракова Л.Г. Экономический анализ деятельности коммерческого банка. - М.: Логос, 2000 г.
3. <https://halykbank.kz/>.

References:

1. Analiz deyatel'nosti kommercheskogo banka. – Vladivostok: Izdatel'stvo VGUES, 2004 g.
2. Batrakova L.G. Ekonomicheskij analiz deyatel'nosti kommercheskogo banka. - M.: Logos, 2000 g.
3. <https://halykbank.kz/>.